



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

---

Шілде 2022


---

2022 жылдың шілде айында айлық инфляция 1,1% деңгейінде қалыптасып, бағаның жылдық өсімі 15%-ға дейін жеделдеді. Жылдық инфляцияға үлес қосқан негізгі фактор – азық-тұлік тауарлары. Олардың одан әрі өсуі жеміс, көкөніс өнімдеріне баға өсімінің бәсендеуімен нивелирленді. Тенге бағамының әлсіреудің азық-тұлік емес тауарлар бағасының динамикасына әсер етіп келеді. Ақылдықтар арасында, әсіресе, нарықтық қызметтердің динамикасы ерекшеленеді.

2022 жылдың шілде айында тұтыну бағасының айлық өсімі 1,1%-ды құрады, бұл 2000 жылдан бастап осы ай үшін ең жоғары мән саналады. Жылдық мәнде бағаның өсуі 15%-ға дейін қарын алды.

Осы жылдың шілде айында айлық маусымдық тазартылған инфляция 1,4%-ды құрады және 2022 жылдың басынан бастап нысаналы деңгейден асып келеді.


График 1. Айлық маусымдық тазартылған инфляция



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

Түрлі әдістердің қолдану арқылы есептелген базалық маусымдық тазартылған инфляция маусымдағы мәндерінен бірте-бірте баяулап келеді, бірақ соған қарамастан ол нысаналы дәлізден едәуір асатын мәндерде тұр, бұл – проинфляциялық ортаның сақталып отырғаны туралы белгі.

График 2. Базалық инфляция: есептеудің әртүрлі әдістері<sup>1</sup>




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

<sup>1</sup> Базалық инфляция, бұл – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайдын шама. Орташа қысқартылған баға өзгерісінің 10% ең төмен және 10%-ы есебінен осы айда ең жоғары маусымдық тазартылған баға өзгерісін алғып тастау арқылы есептеледі; 8 аса құбылмалы компоненттің базалық инфляция – инфляция есебінен соңғы 2 жылда бағаның маусымдық тазартылған өзгерісінің стандартты ауытқуы ең жоғары саналатын 8 компонентті алғып тастайды; медиана осы айда бағаның маусымдық тазартылған өзгерісін бөлудің 50%-дық перцентилі болып табылады.


**Азық-түлік** инфляциясы о.ж. шілде айында 19,7%-ға дейін жеделдеді (2022 жылғы маусымда – 19,2%). Дүниежүзілік нарықта дәнді дақылдар бағасының өсуі айтарлықтай баяулағанына қарамастан, тоғыз айдан бері ұн, жарма өнеркәсібі өндірушілерінің бидай қорының шектелуіне байланысты нан-тоқаш өнімдері мен жармаға ішкі бағалардың өсу қарқыны жалғасуда. Сут өнімдері мен жұмыртқа бағасы қымбаттады. Шектеулі қант ұсынысымен бірге оған деген сұраныстың артуы қант пен кондитерлік өнімдердің қымбаттауына алып келді. 2021 жылдың шілде айындағы жоғары мәндер есептеуінен шығу – ет өнімдері, май мен тоқ май бағасының өсуін тежеуге әсер етті. Азық-түлік тауарларына бағаның одан әрі өсуі жеміс, кекөніс өнімдеріне, атап айтқанда, алма, жұзім, қырыққабат бағасының баяу өсуімен, сәбіз және қызылша бағасының төмендеуімен нивелирленді.

График 3. Тауарлардың жылдық азық-түлік инфляциясына үлесі



**Азық-түлік емес** тауарлар бағасының жылдық өсімі 2022 жылдың шілде айында 14,2%-ға (2022 жылғы маусымда – 13,2%) дейін жеделдеді. Киім мен аяқ киімге, тұрмыстық заттарға, дәрі-дәрмекке, жеке пайдаланылатын тауарларға, жуу және тазалық құралдарына, құрылыш материалдарына бағаның тез өскені байқалды. Осы тауарларды тұтынудағы импорттың жоғары үлесін ескерсек, теңге бағамының құнсыздандыу мен көлік қызметтерінің қымбаттауы бағаның анағұрлым өсуіне жол берді.


График 4. Тауарлардың жылдық азық-тұлік емес инфляцияға үлесі



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

Ақылы қызметтердің инфляциясы 2022 жылдың шілде айында 9,2% деңгейінде сақталды. Жаңа оқу жылды басталар алдында орта кәсіптік және жоғары білім беру қызметтері қымбаттады. Мәдениет және демалыс саласында аттракциондардың, кинотеатрлар мен фотографтардың қызметіне баға өсе түсті. Теміржол және әуе тасымалы қызметінің бағасы да айтарлықтай шарықтады. Сонымен қатар, шаштараз бен сұлұлық салондарының, қофамдық тамақтандыру орындарының қызметтік бағасы да көтерілді.

График 5. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциясына қызметтердің үлесі




Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

Наурыздан маусым айына дейін бағаның өсімі баяулаған соң өндөу өнеркәсібінде жеделдеу үрдісі байқалады, сонымен бірге ауылшаруашылық тауарын өндірушілердің бағасы да төмендеді.

Өндідеу өнеркәсібінде 2022 жылдың шілде айында өндірушілер бағасының жылдық өсімі 16,4%-ға дейін (2022 жылғы маусымда – 14,9%) жеделдеді. Азық-тұлік өнімдерін өндіретін кәсіпорындар арасында ет, май және тоқ май бағасының өсу қарқыны баяулады. Екінші жағынан, қант, сүт өнімдері, ұн, жарма, нан және макарон өнімдерін өндірушілердің бағасы қарқындалап өсе түсті.

Ауыл шаруашылығында өндірушілердің бағасы 2022 жылғы шілдеде жылдық мәнде 22,1%-ға дейін аздал тәменеді (2022 жылғы маусымда – 22,4%-ға). Өсімдік шаруашылығында бидай бағасының өсуі жеделдеді, ал жаңа піскен көкөніс, майлыш және мал азығы дақылдарының инфляциясы бәсендердеді. Мал шаруашылығы өнімдерінің арасында үй күсы бағасының өсуі баяулады.

#### График 6. Ауыл шаруашылығындағы бағалар



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ

### График 7. Өнеркәсіптегі бағалар

